

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Ас үй заттар: Шанышқы

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:**

- шанышқы да ас үй заттарына жататынын еске түсіреді;
- үш тілде айтады, қайталайды, дыбыстық талдау жасайды;
- суреттегі шанышқыда неге ою салынбаған деп ойлайсың, ойын тұжырымдайды;
- сендер тамақтанатын асханада шанышқы неге жоқ, болжам жасайды;
- шанышқыда неше тіс бар, екеуінде қанша, шанышқаны қалай пайдалану қажеттігі туралы ой қорытады;
- салыстырады, бағалайды.

**Пәнаралық байланыс:**

танымдық (*жаратылыстану, математика*)  
шығармашылық (*бейнелеу*)  
коммуникациялық (*сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер*)  
әлеумет (*қоршаған ортамен таныстыру*)  
денсаулық (*қауіпсіздік*)


**Білім алушы игеретін білік-дағды:**

- шанышқыдан басқа қандай үй заттарын білетіндігін жинақтайды;
- жатқа үш тілде айттады, талдау жасау дағдысын қалыптасады;
- сын тұрғысынан ойлау дағдысын меңгереді;
- болжам жасап, жинақтап тұжырым жасау дағдысын игереді;
- есеп құрастыру, ойша есептеу дағдысын ширатады;
- бағалау білу дағдысын игереді.

**ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ<sup>1</sup>:**

1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)
2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)
3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)

**1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)**



<sup>1</sup> Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

**Топқа сұрақ:**

Шаңышқы суретінде басқаларда бар не жоқ?



Балалар әңгімелейді. (коммуникациялық дағды қалыптасады)

**АС ҮЙ ЗАТТАР – ШАНЫШҚЫ  
(кітапшамен жұмыс)**

1. *Полилингвалдық компонент:* үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған ас үй заттарының атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз, дыбыстық талдау жасаймыз (*танымдық дағды*).



3. Столда қандай ас үй заттары бар. Ата-әже үйінде қонақтағы стол. Неге шаңышқы жоқ?




4. Мектеп асханасы. Шаңышқы жоқ, неге деп ойлайсың? Сондықтан шаңышқыны қалай пайдалануға болмайды? Суреттер Болмайды ✗ Болады ✓ деп белгілеңдер.

Ө з д і к ж ұ м ы с

5. Есеп құрастыр: 1-шанышқыда – 4, 2 шанышқыда – 4. Екі шанышқыда қанша тіс бар?  $4+4=$



6. Салыстыру. Бағалау. (жеке және жұппен жұмыс)



*Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.*